		Жұмысты бастаудан бұрын, ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ құжатын мұқият оқып шығыңыз.
		Жұмыс істеуден бұрын, қызмет көрсету персоналы ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ және ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ құжатын мұқият оқып шығуы керек.
		Қосымша ақпарат ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ, ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ сияқты құжаттарда қолжетімді.

1-1. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН КЕЛЕСІ ТАЛАПТАРДЫ ӨРДАЙЫМ САҚТАҒАН ЖӨН

- Кондиционерді орнату алдында «КЕЛЕСІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН ӨРДАЙЫМ САҚТАҒАН ЖӨН» дегенді міндетті түрде оқыңыз.
- Wi-Fi интерфейсін қосуды баптау алдында бөлме кондиционерінің ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҒЫНДА берілген қауіпсіздік шараларын тексеріңіз.
- Осы жерде берілген барлық ескертулер мен сақтандыруларды орындаңыз, өйткені оларда қауіпсіздікпен байланысты маңызды элементтер болады.
- Осы нұсқаулықты оқып шыққан соң оны әрі қарай пайдалану үшін міндетті түрде ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ құжатымен бірге сақтаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ (Өлімге, ауыр жарақаттарға және т. б. ұшыратуы мүмкін)

- **Қондырғыны өзіңіз орнатпаңыз (пайдаланушы).** Аспаптың еденге құлауы немесе одан су ағу салдарынан жартылай орнату өрттің туындауына, электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Құрылғыны сатып алған дилермен немесе білікті орнатушымен байланысып, кеңес алыңыз.
- **Орнату бойынша нұсқаулықпен салыстыра отырып, орнатуды қауіпсіз орындау қажет.** Аспаптың еденге құлауы немесе одан су ағу салдарынан жартылай орнату өрттің туындауына, электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- **Құрылғыны орнату кезінде тиісті қорғаныс жабдығы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құралдарды пайдаланыңыз.** Бұл талапты орындамау жарақаттануға әкелуі мүмкін.
- **Құрылғыны барлық құрылғыларды көтере алатын жерге сенімді түрде орнатыңыз.** Егер орнататын орын құрылғының салмағын көтере алмаса, ол құлап, жарақаттануға себеп болуы мүмкін.
- **Блокті өзгертпеңіз.** Бұл өрттің, электр тогының соғуына, жарақаттануға немесе судың ағуына әкелуі мүмкін.
- **Электр монтажда жұмыстарын орнату бойынша нұсқаулыққа сәйкес, білікті, тәжірибелі электрші орындауы тиіс.** Міндетті түрде жеке контурды пайдаланыңыз. Контурға басқа электр құралдарын қоспаңыз. Егер күш контурының қуаты жеткіліксіз болса немесе электр монтажда жұмыстары жартылай орындалса, онда бұл өрт шығуға немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- **Құрылғыны жерге дұрыс тұйықтаңыз.** Жерге тұйықтау сымын газ құбырына, су құбырына, найзағай тартқышқа немесе телефон сымына жалғамансыз. Жерге дұрыс тұйықтау электр тогының соғуына ұшыратуы мүмкін.
- **Бөліктерге немесе бұрамаларға шамадан артық күш салып, сымдарды зақымдап алмаңыз.** Зақымдалған сымдардан өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- **Ішкі блоқты электрондық басқарудың баспа тақтасына баптаулар жүргізу кезінде немесе электр сымдар жұйесімен жұмыс кезінде міндетті түрде аспапты электр қуатын беру көзінен ажыратыңыз.** Бұл талапты орындамау электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- **Аталған сымдарды ішкі және сыртқы блоктарды сенімді түрде жалғау үшін пайдаланыңыз және сымдардың деформациялаушы күші секцияларға басылып қалмауы үшін сымдарды клеммалық қалыптың жалғағыш секцияларына мықтап бекітіңіз.** Сымдарды ұзартпаңыз және аралық жалғауды пайдаланбаңыз. Аяқталмаған жалғану мен бекіту өрт шығуға әкелуі мүмкін.
- **Құрылғыны жанғыш газ ағуы мүмкін болатын жерге орнатпаңыз.** Егер газ жылыстап, блоктың айналасына жиналса, жарылыс болуы мүмкін.
- **Қуат сымның аралық байланысын немесе ұзартқыш сымды пайдаланбаңыз және бір айнымалы ток шығысына бірнеше құрылғыны жалғамансыз.** Бұл ақаулы жанасуға, ақаулы оқшаулауға, рұқсат етілген ток шамасынан асыру және т. б. себептерге байланысты өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- **Орнату жұмыстары үшін ұсынылған немесе берілген бөлшектерді міндетті түрде пайдаланыңыз.** Ақаулы бөлшектерді пайдалану өрт, электр тогының соғуы, блоктың істен шығуы және т. б. себептерге байланысты жарақаттануға немесе судың ағып кетуіне алып келуі мүмкін.
- **Қуат беру ашасын розеткаға қосу кезінде розетка мен ашада шаң-тозаңның, қоқыстанудың немесе бекітілмеген бөлшектердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қуат беру блогы ашасының розеткаға толық енгізілгеніне көз жеткізіңіз.** Егер розетка мен ашада шаң-тозаң, қоқыстану немесе бекітілмеген бөлшектер болса, бұл ток соғуға немесе өрт шығуға алып келуі мүмкін. Егер қуат беру блогының ашасында бекітілмеген бөлшектер табылса, оларды ауыстырыңыз.
- **Электр жабдықтың қақпағын ішкі блокқа және сервистік панельдің сыртқы блокқа мықтап бекітіңіз.** Егер ішкі блоктың электр жабдығының қақпағы және/немесе сыртқы блоктың сервистік панелінің қақпағы мықтап бекітілмесе, бұл шаң, су және т. б. болуынан өрт шығуға немесе электр тогымен зақымдалуға әкелуі мүмкін.
- **Қондырғыны орнату, жылжыту немесе қызмет көрсету кезінде суық агент контурына аталған суық агенттен (R32) басқа, ешқандай бөгде заттың түспейтініне көз жеткізіңіз.** Ауа сияқты кез келген бөгде заттың болуы қысымның шамадан тыс артуына әкелуі және жарылысқа немесе жарақаттануға ұшыратуы мүмкін. Осы жүйеге арналған суық агенттен басқа, кез келген суық агентті пайдалану техникалық шалысуға, жүйенің ақаулығына немесе блоктың бұзылуына әкеледі. Ең ауыр жағдайда, ол өнімнің қауіпсіздігіне елеулі шамада қатер төндіруі мүмкін.
- **Суық агентті атмосфераға шығармаңыз.** Егер орнату кезінде суық агент ағып кетсе, бөлмені желдетіңіз. Орнатқан соң суық агенттің жылыстамауына көз жеткізіңіз. Егер суық агент ағып, отпен немесе калорифер, керосинді жылытқыш немесе ас үй плитасы сияқты қыздырғыш элементпен жанасатын болса, бұл зиянды газдардың пайда болуына әкеледі. EN378-1 талаптарына сәйкес желдетуді қамтамасыз етіңіз.
- **Құбырларды орнату үшін тиісті құралдар мен материалдарды пайдаланыңыз.** R32 қысымы R22-ге қарағанда 1,6 есе артық. Қолайлы құралдарды немесе материалдарды пайдаланбау және жартылай орнату құбырлардың ажырауына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- **Суық агентті сору кезінде, құбырларды ажыратпас бұрын компрессорды тоқтатыңыз.** Егер компрессор жұмыс жасап тұрған кезде суық агенттің түтікшелері ажыратылып, тиек қысымтығын ашық болса, ауа сорылып, салқындату контурындағы қысым шамадан тыс жоғары болуы мүмкін. Бұл құбырлардың ажырап кетуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- **Құралды орнату кезінде компрессор қосылғанға дейін, суық агенттің түтікшелерін мықтап жалғаңыз.** Егер компрессор суық агент түтікшелері жалғанғанға дейін іске қосылса, тиек қысым тығыны ашық болса, ауа сорылып, салқындату контурындағы қысым шамадан тыс жоғары болуы мүмкін. Бұл құбырлардың ажырап кетуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- **Конустық сомынды берілген нұсқаулықта көрсетілгендей, динамометриялық кілтпен бұрап, тартыңыз.** Егер тым қатты тартылса, біршама уақыт өткен соң конустық сомын жарылып, суық агенттің ағуын тудыруы мүмкін.
- **Блок электр сымдар жүйесінің ұлттық қағидаларына сәйкес орнатылуы тиіс.**
- **Газ жанарғысын немесе өзге де жалын тудыратын жабдықты пайдалану кезінде кондиционердегі суық агентті толық алып тастаңыз және бөлменің жақсылап желдетілуін қамтамасыз етіңіз.** Егер суық агент ағып кетсе және отпен немесе жылтықшы элементпен түйсетін болса, бұл зиянды газдардың пайда болуына әкеледі және өрт шығу қаупі туындайды.
- **Өндіруші ұсынғандардан басқа, еріту немесе тазарту процесін жылдамдатуға арналған құралдарды пайдаланбаңыз.**
- **Құрал бөлмеде тұрақты түрде әрекет ететін тұтану кезінде жоқ (мысалы, ашық от, жұмыс істеп тұрған газ аппараты немесе жұмыс істеп тұрған электр жылытқыш) сақталуы тиіс.**
- **Түйреуге және жандыруға болмайды.**
- **Суық агенттердің иісі болмайтындығын есте сақтаңыз.**
- **Құбыр желісі физикалық зақымдалулардан қорғалуы тиіс.**
- **Құбыр желісін орнату жұмысы мейлінше қысқа болуға тиіс.**
- **Ұлттық газ қағидалары сақталуы тиіс.**
- **Барлық қажетті желдету тесіктерін бекітіліп қалудан қорғау қажет.**

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ (Ауыр жарақат алуға, әсіресе, дұрыс жұмыс істемегенде жарақаттануға әкелуі мүмкін.)

- **Тұйықтауышты үзгішті жерге орнату орнына байланысты орнатыңыз.** Егер тұйықтауышты үзгіш жерге орнатылмаса, бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- **Дренаждау құбыр желілік жұмыстарды орнату бойынша нұсқаулыққа сәйкес қауіпсіз орындау қажет.** Егер дренаждың/құбыр желісінің жұмысында ақаулықтар болса, құрылғыдан су ағып, үй тұрмысына қажет заттарды суға малуы және зақымдауы мүмкін.
- **Ішкі-сыртқы блоктың ауа жинағыш тесігіне немесе алюминий қабырғалауына жанасуға болмайды.**
- **Бұл жарақаттануға ұшыратуы мүмкін.**
- **Сыртқы блоқты ұсақ жануарлар жүруі мүмкін болатын жерлерге орнатпаңыз.** Ұсақ жануарлардың құрылғы ішіндегі электр бөліктерге түсуі немесе жанасуы оның бұзылуына, түтін шығуға немесе өртке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, пайдаланушыға құрылғының айналасын тазалықта ұстауына кеңес беріңіз.
- **Ішкі құрылыс және әрлеу жұмыстары, сондай-ақ едендерді сүртп-ысқылау кезінде кондиционерді пайдаланбаңыз.** Осындай жұмыстар орындалғаннан кейін ауа салқындатқышты пайдалану алдында бөлмені желдетіңіз. Өзге жағдайда, ауа салқындатқыштың ішіне ұша элементтер жабысып қалып, судың ағуына немесе шықтың пайда болуына әкелуі мүмкін.

1-2. ОРНАТУ ОРНЫН ТАҢДАУ

ІШКІ БЛОК

- Әуе ағыны бұғатталмайтын жерде.
- Салқын (немесе жылы) ауа бөлменің ішінде таралған жерге.
- Қатты қабырғада діріл жоқ.
- Ол тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшырамайтын жерде. Сондай-ақ пайдалану алдында қаттамасын ашу кезінде тікелей күн сәулесінің әсер етуіне ұшыратпаңыз.
- Кедергісіз дренаж болатын жерге.
- Теледидар мен радиодан 1 м және одан да артық қашықтықта. Кондиционердің жұмысы радионың немесе теледидардың жұмыс істеуіне кедергі болуы мүмкін. Кедергі келтірілген құрылғыға күшейткіш қажет болуы мүмкін.
- Флуоресценттік шамдар мен қыздыру шамдарынан мүмкіндігінше алшақ жерге. Кондиционердің қашықтан басқару пультінің инфрақызыл пульті қалыпты қызмет ететіндей. Шамдардан келетін жылу ультракүлгіннің жүруін нашарлатып, майысудың болуына әкелуі мүмкін.
- Әуе сүзгісін алып оңай ауыстыру мүмкін болатын жерде.
- Ол жылудың немесе будың басқа көзінен алып тасталған жерде.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

- Жұмыс жасау жеңіл және жақсы көрінетін жерде.
- Балалардың қолдары жетпейтін жерде.
- Еденнен 1,2 м жуық күйді таңдаңыз және қашықтан басқару пультінен келетін сигналдар, сөзсіз, осы күйден («пик» немесе «пик-пик»), сигнал қабылдау дыбысының үні) ішкі блокпен қабылдануына көз жеткізіңіз.

Ескертпе:

Инвенторлық типтегі люминесцент шамдар пайдаланылатын үй-жайларда сымсыз қашықтан басқару пультінен келетін сигнал қабылданбауы мүмкін.

СЫРТҚЫ БЛОК

- Қатты желден қорғалған жерде. Егер сыртқы блок мұздан еріту кезінде желдің әсеріне ұшырайтын болса, мұздан ерітуге әдеттегіден ұзағырақ уақыт кетеді.
- Ауасы таза және жақсы жерде.
- Жаңбырдың немесе тікелей күн сәулелерінен қорғалатын жерде.
- Жұмыс жасап тұрғанда дауысы немесе ыстық (суық) ауа көршілерді мазаламайтын жерде.
- Жұмыс жасап тұрғанда немесе дірілден болатын шудың ұлғаюын болдырмайтын қатты қабырға немесе тіреуіш бар жерде.
- Жанғыш газдың ағу қаупі жоқ жерде.
- Құрылғыны биіктікке орнату кезінде міндетті түрде құрылғының аяқтарын бекітіңіз.
- Телевизиялық немесе радио антеннасынан кем дегенде 3 м қашықтықта. Кондиционердің жұмысы әлсіз қабылдау аймақтарында радионы немесе теледидардың сигналдарды қабылдауына кедергі болуы мүмкін. Кедергі келтірілген құрылғыға күшейткіш қажет болуы мүмкін.
- Құрылғы көлденеңінен орнатылады.
- Өтінеміз, кондиционерді қар немесе борасын кірмейтін жерге орнатыңыз. Жауып тұрған қар түсетін жерлерде жабын, тұғыр немесе қандай да бір қоршаулар орнатыңыз.

Ескертпе:

Келіп тұратын дірілді азайту үшін сыртқы блокқа таяу жерде сақиналы ажыратқыш жасауға кеңес беріледі.

Ескертпе:

Кондиционер сыртқы температура төмен болғанда жұмыс жасап тұрғанда төменде берілген нұсқауларды міндетті түрде орындаңыз.

- Сыртқы блокты ауа кіретін/шығатын жағы желдің әсеріне ұшырайтын жерге ешқашан орнатпаңыз.
 - Желдің әсер етуін болдырмау үшін сыртқы блокты ауа кіретін жағы қабырғаға қарайтындай етіп орнатыңыз.
 - Желдің әсер етуін болдырмау үшін сыртқы блоктың ауа шығатын жағына бөлгіш қалқан орнату ұсынылады.
- Кондиционермен қандай да бір ақаулықтар болуы мүмкін келесі орындарға орнатудан аулақ болыңыз.
- Жанғыш газдың ағып кету қаупі бар жерге.
 - Машина майы көп жер.
 - Май шашырайтын немесе май түтіні толған жерлер (мысалы, пластиктің қасиеті өзгеріп, зақымдалуы мүмкін болған тамақ дайындайтын жерлер мен фабрикалар).
 - Жағажай сияқты тұзды жерлер.
 - Ыстық бұлақ, ағын сулар, қалдық су сияқты сульфидтік газ түзілетін жерлер.
 - Жилігі жоғары немесе сымсыз жабдық орналасқан жер.
 - Химиялық жарылуды туындатуы мүмкін фталат қоспалар, формальдегид және т. б. қоса алғанда, жоғары деңгейдегі ЛОС шығарындылары бар жерде.
 - Аспап механикалық зақымдалу мүмкіндігін болдырмайтындай сақталуы тиіс.

1-3. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Модель		Электр қуатын беру *1			Сымның сипаттізімі		Құбыр өлшемі (қалыңдығы *3, *4)	Суық агентті жүктеудің ең жоғарғы шамасы *7
Ішкі блок	Сыртқы блок	Номинал кернеу	Жиілік	Тізбектің ұзу номиналы	Электр қуатын беру *2	Ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымы *2	Газ / Сұйықтық	
MSZ-HR25VF	MUZ-HR25VF	230 В	50 Гц	10 А	3-желілі 1,0 мм ²	4-желілі 1,0 мм ²	Ø9,52 / 6,35 мм (0,8 мм)	660 г
MSZ-HR35VF	MUZ-HR35VF							710 г
MSZ-HR42VF	MUZ-HR42VF							960 г
MSZ-HR50VF	MUZ-HR50VF			12 А	3-желілі 1,5 мм ²			1060 г

*1 Электр қуатын беру көзінің фазасын ажырату үшін 3 мм-ге ашылған саңылау болғанда электр қуатын беру ажыратқышын жалғаңыз. (Ажыратқыш ашылған кезде ол барлық фазаларды ажыратуы тиіс.)

*2 Сымдарды 60245 IEC 57 техникалық өлшемшарттарға сәйкес пайдаланыңыз.

*3 Қалыңдығы берілген қалыңдықтан аз түтікшелерді ешқашан пайдаланбаңыз. Айдау кезіндегі кедергі жеткіліксіз болады.

*4 Мыс қорытпадан жасалған мыс құбырды немесе сымсыз құбырларды пайдаланыңыз.

*5 Құбырды ию кезінде майыстырмау немесе жапырмау үшін аса сақ болыңыз.

*6 Суық агент құбырының иіліс радиусы 100 мм немесе одан артық болуы тиіс.

*7 Егер құбырдың ұзындығы 7 м артық болса, суық агентті қосымша жүктеу талап етіледі (R32). (Құбырдың ұзындығы 7 м кем болғанда, қосымша жүктеу қажет емес.)

Қосымша суық агент = A × (құбырдың ұзындығы (м) - 7)

*8 Оқшаулау материалы: Ыстыққа төзімді пенопласт, салыстырмалы салмағы 0,045

*9 Міндетті түрде берілген қалыңдықтағы оқшаулауды пайдаланыңыз. Шамадан артық қалыңдық ішкі блокты дұрыс орнатпауға, ал жеткіліксіз қалыңдық – шық тамшыларының ағуына әкелуі мүмкін.

Құбыржол ұзындығы және биіктіктің ауытқуы	
Түтіктің ең көп ұзындығы	20 м
Биіктіктің ең көп ауытқуы	12 м
Ең көп иіліс саны *5, *6	10
Суық агентті реттеу A * 7	20 г/м
Оқшаулау қалыңдығы *8, *9	8 мм

1-4. ОРНАТУ ДИАГРАММАСЫ

КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

Орнату алдында келесі бөліктерді тексеріңіз.

<Ішкі блок>

(1)	Орнату плитасы	1
(2)	Орнату плитасының бекіткіш бұрамалары 4 × 25 мм	5
(3)	Сымсыз қашықтан басқару пульті	1
(4)	Киіз оқшаулау лентасы (Сол жақ немесе сол жақтағы артқы құбырға арналған)	1
(5)	Батерейкаға (AAA) (3) арналған	2

<Сыртқы блок>


(6)	Дренаждау ұяшығы	1
-----	------------------	---

СІЗ ОРНАТАТЫН ЖЕРДЕ БЕРІЛЕТІН БӨЛІКТЕР

(A)	Ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымы*1	1
(B)	Ұзартқыш түтік	1
(C)	Қабырғадағы саңылауға арналған төлке	1
(D)	Қабырғадағы саңылауға арналған қақпақ	1
(E)	Құбырларды бекітуге арналған қамыт	2-5
(F)	(E) 4 × 20 мм арналған бекіткіш бұрама	2-5
(G)	Құбыржолды лентасы	1
(H)	Қымтақ	1
(I)	Төкпе құбыршегі (немесе ПВХ жұмсақ құбыршегі, ішкі диаметрі 15 мм немесе қатқыл түтік ПВХ VP16)	1 немесе 2
(J)	Мұздатқыш май	1
(K)	Электр қуатын беру баусымы*1	1

Ескертпе:

*1 Жалғау сымын, (A) және ішкі/сыртқы блоктың электр қуатын беру баусымын (K) телевизиялық антенна сымынан кем дегенде 1 м қашықтықта орнату қажет.



*2 Құрылғының алдыңғы және бүйір жақтары бос болғанда 100 мм немесе одан да артық

*3 Егер құрылғының сол жақтағы, оң жақтағы және артқы жақтағы кез келген 2 қабырғасы бос болса

*4 Дайындалу жылы және айы техникалық деректермен берілген зауыттық тақтайшада беріледі.

Кейбір үлгілерде сыртқы блоктың сыртқы түрінде айырмашылықтар болуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР


Кабельдердің тозуға, тот басуға, артық қысымға, дірілге, үшкір жиектерге және басқа да қоршаған ортаның жағымсыз әсер етуіне ұшырамауына көз жеткізіңіз. Тексеру сондай-ақ компрессорлар мен желдеткіштер сиқты көздерден келетін ескіру немесе тұрақты дірілдің әсер етуіне де ескеруі тиіс.



Саңылаусыздықты тексерген соң саңылау қалмайтындай, оқшаулағыш материалды қалың етіп жағыңыз.

Егер құбыржол құрамында металдар (қалайыланған) немесе металл тор бар қабырғаға бекітілетін болса, қалыңдығы 20 мм химиялық өңделген ағаш кесегін қабырға мен құбыр арасына орнатыңыз немесе құбыржолдың айналасына оқшаулағыш винил жолақпен 7-8 рет айналдыра ораңыз. Қолданыстағы құбыржолды орнату үшін, ескі кондиционерді алмас бұрын оны COOL (Суыту) операциясына 30 минутқа қойыңыз және сорғызыңыз. Конустық сомынды жаңа суық агентке арналған өлшемге сәйкес таңдаңыз.

⚠ ⚠ ЕСКЕРТУ
Өрттің шығуына жол бермеу үшін суық агент бар құбыржолды жауып тастаңыз немесе қорғаңыз. Суық агент құбыржолының сыртқы зақымдалуы өрт шығу себебі болуы ықтимал.



Сыртқы блоктың дренаж жүйесінің құбыржолдары

- Ішкі және сыртқы блоктың құбыржолдарын жалғау алдында дренаж жүйесінің құбыржолын төсемін қарастыру қажет.
- Төкпе құбыршек суретте көрсетілгендей (I) 15 мм ішкі диаметрмен жалғанады.
- Дренаж құбыржолының еркін ағу үшін көлбеу орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе:
Құрылғы көлденеңінен орнатылады. Салқын аймақтарда дренаждау ұяшығын (6) пайдаланбаңыз. Дренаж қатып қалып, желдеткіштің істен шығуына әкелуі мүмкін. Жылыту режимінде сыртқы блок конденсат шығарады. Сыртқы блокты және/немесе жерге тұйықталатын құрылғыларды дренаж суымен сулануына немесе қатып қалған сумен зақымдалуына жол бермеу үшін су тиюден қорғауды қамтамасыз ететін орнату орнын таңдаңыз.



2. ІШКІ БЛОКТЫ ОРНАТУ

2-1. ОРНАТУ ПЛИТАСЫН БЕКІТУ

- Конструкциялық материалды (мысалы дюбелді) қабырғаға орнатыңыз, орнату плитасының (1) бекіткіш бұрандаларын (2) қатты бұрап, көлденеңінен бекітіңіз.
- Орнату плитасының (1) дірілдеп тұруын болдырмау үшін, бекіткіш бұрандаларды суретте көрсетілген саңылауларға орнатыңыз. Қосымша ұстап тұру үшін, бекіткіш бұрандалар басқа саңылауларға да орнатылуы мүмкін.
- Блоктың алмалы-салмалы қабырғасы алынған кезде, алмалы-салмалы қабырғаның жиектерін сымдардың зақымдалуына жол бермеу үшін винилді таспамен орап тастаңыз.
- Бетон қабырғаға батырылған бұрандаларды пайдалану кезінде орнату плитасын (1) 11 × 20 – 11 × 26 (450 мм қадаммен) сопақ саңылау арқылы бекітіңіз.
- Егер батырылған бұранда өте ұзын болса, нарықта қолжетімді болатындардан қысқарағына ауыстырыңыз.

2-2. ҚАБЫРҒАДА ТЕСІК БҰРҒЫЛАП ТЕСУ

- 1) Қабырғада бөлек тесікті белгілеңіз.
- 2) Ø65 мм тесік бұрғылап тесіңіз. Сыртқы жағы ішкі жағына қарағанда 5–7 мм төменірек болуы тиіс.
- 3) Қабырғаға тесікке арналған төлкені (C) енгізіңіз.




* Сол жақ саңылауға да солай істеніз.


2-3. ІШКІ БЛОҚА АРНАЛҒАН ЖАЛҒАУ СЫМДАРЫ

Сіз алдыңғы панельді алмай, ішкі/сыртқы блоктан келетін сымды қоса аласыз.

- 1) Алдыңғы панельді ашыңыз.
- 2) VA қысқышты алып тастаңыз.
- 3) Ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымын (A) ішкі блоктың артқы бөлігінен өткізіп, сымның ұшы тазартылады.
- 4) Алдымен клеммалық бұранаманы жіберіңіз және жерге тұйықтаушы сымды қосыңыз, содан соң ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымын (A) клеммалық қалыпқа қосыңыз. Сымдардың дұрыс жалғануын қадағалаңыз. Сымды клеммалық қалыпқа ашық қалған бөліктері көрінбейтіндей және сыртқы күштер клеммалық қалыптың жалғағыш секциясына таралмайтынды, мықтап бекітіңіз.
- 5) Клеммалық бұранмаларды босап кетпейтіндей, мықтап тартып, бекітіңіз. Тартқан соң сымдардың қозғалмайтынына көз жеткізу үшін оларды сәл ғана тартып көріңіз.
- 6) VA қысқышының көмегімен ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымын (A) және жерге тұйықтаушы сымды бекітіңіз. VA қысқышының сол жақ ілгегін әрдайым салып отырыңыз. VA қысқашты мықтап бекітіңіз.




- Кейінгі қызмет көрсету үшін жалғағыш сымдарға қосымша ұзындықты қамтамасыз етіңіз.
 - Жерге тұйықтандырушы сымды басқаларға қарағанда сәл ұзынырақ алыңыз. (60 мм артық)
 - Артық сымды орамаңыз және оны шағын кеңістікке кептеуге әрекет етпеңіз. Сымдарды зақымдалмау үшін сақ болыңыз.
 - Электр қуатын беру баусымын және/немесе сымдарды клеммалық қалыпқа бекіту кезінде міндетті түрде әрбір бұранаманы тиісті клеммаға жалғаңыз.
- Ескертпе:** Сымдарды ішкі блок пен орнату плитасының (1) арасына жайғастырмаңыз. Зақымдалған сым жылудың бөлінуіне немесе өртке әкелуі мүмкін.



2-4. ҚҰБЫРЖОЛДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДРЕНАЖДАУ ҚҰБЫРЖОЛЫ


Құбыржолды қалыптастыру

- Төлке құбыршекті суық агент құбыржолынан төмен жерге орнатыңыз.
- Төлке құбыршекті майыспағанына немесе бүктелмегеніне көз жеткізіңіз.
- Таспаны салу кезінде құбыршекті тартпаңыз.
- Төлке құбыршек бөлме арқылы өткізілгенде, оның сыртын оқшаулағыш материалмен міндетті түрде қаптаңыз (дүкеннен сатып алуға болады).




Артқы, оң жақтағы және төмен түсірілетін құбыржол

- 1) Суық агент құбыржолдары мен дренаж құбыршегі бірге жалғаңыз, содан соң шетінен бастап, құбыржолдық оқшаулағыш жолақпен (G) мықтап орап тастаңыз.
- 2) Құбыржол мен дренаж құбыршегі қабырғадағы тесіктің төлкеніне (C) енгізіңіз және орнату плитасының (1) ішкі блогындағы жоғарғы бөлікті іліктіріңіз.
- 3) Блокты оң және сол жаққа қарай қозғау арқылы орнату плитасындағы (1) ішкі блоктың дұрыс бекітілуіне көз жеткізіңіз.
- 4) Ішкі блоктың төменгі бөлігін орнату плитасына (1) енгізіңіз.




Дренаж құбыржолы

- Егер ұзартылған төлке құбыршек бөлме арқылы өтуі тиіс болса, оны сатылымда болатын оқшаулағышпен міндетті түрде орап тастаңыз.
- Төлке құбыршек еркін ағуы үшін төмен қарай бағытталуы тиіс. (Fig. 1)
- Егер ішкі блоктан бірге жеткізілетін дренаж құбыршегі тыс қысқа болса, оны сіздің қондырғының орнына берілетін дренаж құбыршегіне (I) жалғаңыз. (Fig. 2)
- Төлке құбыршекті қатқыл винилхлоридті құбырға қосу кезінде оны құбырға мықтап бекітіңіз. (Fig. 3)




Дренаж құбыржолдарын төменде берілгендей орнатпаңыз.







Сол жақ немесе сол жақ артқы құбыржол

Ескертпе:

Сол жақ немесе сол жақ артқы құбыржол жағдайында төлке құбыршек пен дренаж қалпақшаны қайта бекітуді ұмытпаңыз. Кері жағдайда бұл төлке құбыршектен су ағып тұруға әкелуі мүмкін.




- 1) Суық агенттің құбыржолдары мен дренаж құбыршегі бірге жалғаңыз, содан кейін шетінен бастап, киіз жолақпен (4) мықтап орап тастаңыз. Киіз жолақтың (4) ұшын байлап бекітіңіз.
- 2) Ішкі блоктың артқы оң жақ бөлігіндегі дренаж қалпақшаны ашыңыз. (Fig. 1)
- 3) Ішкі блоктың артқы сол жақ бөлігіндегі төлке құбыршекті суырып алыңыз. (Fig. 2)
- 4) Дренаж қалпақшаны ішкі блоктың артқы бөлігіндегі төлке құбыршек бекітілетін секцияға орнатыңыз. (Fig. 3)
- 5) Төлке құбыршекті ішкі блоктың артқы оң жақ бөлігіндегі тұғырыққа толықтай салыңыз. (Fig. 4)
- 6) Дренаж құбыршегі дренаж тұғырықтағы ендіріме бөліктің шығыңқы жеріне мықтап бекітілуін тексеріңіз.
- 7) Дренаж құбыршегі қабырғадағы саңылау төленсіне (C) енгізіңіз және орнату плитасында (1) ішкі блоктың жоғарғы бөлігін іліп алыңыз. Содан соң құрылғының артқы бөлігіне құбыржолды жайғастыруды қарапайымдандыру үшін ішкі блокты сол жаққа қарай жылқтырыңыз.
- 8) Көлік қорабынан бір тілім картон кесіп алыңыз, оны бүктеп, артқы қабырғаға іліктіріңіз және ішкі блокты көтеруге арналған тіреуіш ретінде пайдаланыңыз. (Fig. 5)
- 9) Суық агенттің құбыржолын ұзартқыш түтікпен (B) жалғаңыз.
- 10) Ішкі блоктың төменгі бөлігін орнату плитасына (1) енгізіңіз.



3. СЫРТҚЫ БЛОКТЫ ОРНАТУ

3-1. СЫРТҚЫ БЛОҚҚА АРНАЛҒАН ЖАЛҒАУ СЫМДАРЫ

- 1) Сервистік панельді ашыңыз.
- 2) Клеммалық бұранданы түсіріңіз және ішкі/сыртқы блоктың жалғау сымын (А) клеммалық қалыпқа дұрыс қосыңыз. Сымдардың дұрыс жалғануын қадағалаңыз. Сымды клеммалық қалыпқа ашық қалған бөліктері көрінбейтіндей және сыртқы күштер клеммалық қалыптың жалғағыш секциясына таралмайтындей, мықтап бекітіңіз.
- 3) Клеммалық бұрамаларды босап кетпейтіндей, мықтап тартып, бекітіңіз. Тартқан соң сымдардың қозғалмайтынына көз жеткізу үшін оларды сәл ғана тартып көріңіз.
- 4) Электр қуатын беру баусымын (К) жалғаңыз.
- 5) Баусымның қысқашы арқылы жалғау сымын (А) және ішкі/сыртқы блоктың электр қуатын беру баусымын (К) бекітіңіз.
- 6) Сервистік панельді сенімді түрде жабыңыз.



- Жерге тұйықтандырушы сымды басқаларға қарағанда сәл ұзынырақ алыңыз. (100 мм артық)
- Кейінгі қызмет көрсету үшін жалғағыш сымдарға қосымша ұзындықты қамтамасыз етіңіз.
- Электр қуатын беру баусымын және/немесе сымдарды клеммалық қалыпқа бекіту кезінде міндетті түрде әрбір бұраманы тиісті клеммаға жалғаңыз.

3-2. ШЫРАЙНАЛДЫРУ

- 1) Құбыр кескіштің көмегімен мыс түтіккі дәл кесіңіз. (Fig. 1, 2)
- 2) Түтіккі кесілген көлденең қимасынан барлық қылауларды алып тастаңыз. (Fig. 3)
 - Қылауларды алу кезінде олардың құбыржолға түсуіне жол бермеу үшін мыс түтіккінің ұшын төмен қарай түсіріңіз.
- 3) Ішкі және сыртқы блоктарға бекітілген конустық сомындарды алыңыз, содан соң оларды қылаулары толық алынған түтіккертке кигізіңіз. (Оларды шырайналдырудан кейін кигізу мүмкін емес.)
- 4) Шырайналдыру (Fig. 4, 5). Кестеде көрсетілген мыс түтік өлшемдерін қатаң түрде ұстаныңыз. Пайдаланылатын құралға сәйкес кестеден А мм таңдаңыз.
- 5) Тексеру қажет:
 - Fig. 6 шырайналдыруды салыстырыңыз.
 - Егер шырайналдыруда ақаулықтар болатын болса, шырайналдырылған бөлікті кесіп тастаңыз және шырайналдыруды қайтадан орындаңыз.



Fig. 1



Fig. 2



Fig. 3




Fig. 4




Fig. 5



Fig. 6

Құбырдың диаметрі (мм)	Сомын (мм)	А (мм)			Тарту сәті	
		R32, R410A арналған білдекті аспап	R22 арналған білдекті аспап	R22 арналған сомын-құлақты бұранда типті аспап	Н•м	кгс•см
ø6,35 (1/4")	17	0–0,5	1,0–1,5	1,5–2,0	13,7–17,7	140–180
ø9,52 (3/8")	22				34,3–41,2	350–420
ø12,7 (1/2")	26			2,0–2,5	49,0–56,4	500–575
ø15,88 (5/8")	29				73,5–78,4	750–800

3-3. ҚҰБЫРЖОЛДАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ


- Берілген кестеде көрсетілгендей, конустық сомынды динамометриялық кілтпен тартып, бұраңыз.
- Егер тым қатты бұралса, біраз уақыттан соң конустық сомын жарылып, суық агенттің ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Құбырды оқшаулағышпен орауды ұмытпаңыз. Оқшауланбаған құбыржолмен тікелей жанасу күйікке шалдығуға немесе үсікке ұшыратуға әкелуі мүмкін.

Ішкі блокты жалғау

- Сұйықтық және газды құбыржолдарды ішкі блокқа жалғаңыз.
- Құбырлардың қонышты ұштарына жұқалап тоңазытқыш майын (J) жағыңыз. Тоңазытқыш майын винтті бұрандаға жақпаңыз. Шамадан артық қатты бекітіп тарту винтті зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Жалғау үшін алдымен орталыққа дәлдеп, содан соң конустық сомынды алғашқы 3–4 айналымға бұрап, бекітіңіз.
- Тарту сәттерінің жоғарыда берілген кестесін ішкі блоктың бүйірлік қонышты жалғанулар бөлігіне арналған нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз, екі сомын кілтпен бұрап, бекітіңіз. Шамадан аса қатты бұрау конус бөлігін зақымдауы мүмкін.

Сыртқы блокты жалғау

- Сыртқы блок құбырының жапсарының тиек қысым тығынына құбырларды жалғау ішкі блокқа арналған жалғануға ұқсас болады.
- Бұрап тарту үшін динамометриялық кілтті немесе сомын кілтті пайдаланыңыз және ішкі блокқа қолданылатын тарту сәтін пайдаланыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

Құралды орнату кезінде компрессор қосылғанға дейін, суық агенттің түтікшелерін мықтап жалғаңыз.


3-4. ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ ЛЕНТАМЕН ОРАУ

- 1) Құбырлардың жапсарын қорғайтын қаптамамен жабыңыз.
- 2) Сыртқы блок жағынан клапандарды қоса алғанда, әрбір құбыржолды міндетті түрде оқшаулаңыз.
- 3) Құбыржолдық лентаны (G) пайдаланып, сыртқы блоктың кірісінен бастап, лентамен орап, байлаңыз.
 - Құбыржолдық лентаның (G) ұшын лентамен (жағылған жапсырмалы затпен бірге) бекітіңіз.
 - Құбыржолдар төбе, шкаф немесе температурасы мен ылғалдылығы жоғары орындар арқылы өтуі тиіс болғанда, буланудың болуына жол бермеу үшін дүкенде сатылатын оқшаулағышпен қосымша орап тастаңыз.

4. ҮРЛЕУ ПРОЦЕДУРАСЫ, САҢЫЛАУСЫЗДЫҚТЫ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ СЫНАҚТЫҚ ЖҰМЫС

4-1. ҮРЛЕУ ПРОЦЕДУРАСЫ ЖӘНЕ САҢЫЛАУСЫЗДЫҚТЫ ТЕКСЕРУ

- 1) Сыртқы блоктың газ құбыры жағындағы тиек қысымтығыны сервистік портының қақпағын алыңыз. (Бастапқы күйде тиек қысымтығындары толық жабылған және қақпақтары жабық күйде болады).
- 2) Манометриялық коллектор мен вакуумдық сорғыны сыртқы блоктың газ құбыры жағындағы тиек қысымтығыны сервистік портына қосыңыз.



- 3) Вакуумдық сорғыны іске қосыңыз. (500 микронға дейін вакуумдалады.)
- 4) Вакуумды манометриялық коллектордың қысымтығыны арқылы тексеріңіз, содан соң манометриялық коллектордың қысымтығынын жабыңыз және вакуумдық сорғыны тоқтатыңыз.
- 5) Сол қалпында бір-екі минутқа қалдырыңыз. Манометриялық коллектор қысымтығының көрсеткіші сол күйде қалуына көз жеткізіңіз. Манометрдің -0,101 МПа [Манометр] (-760 мм сын. бағ.) көрсетіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 6) Тиек қысымтығыны сервистік портынан манометриялық коллектордың қысымтығынын жылдам суырып алыңыз.

⚠️ ⚠️ ЕСКЕРТУ

Тұтануды болдырмау үшін, тиек қысымтығындарын ашпас бұрын, ешқандай тұтанғыш факторлардың немесе тұтану қаупінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

- 7) Жалғаған соң және суық агенттің құбырларындағы газды сорып алған соң газды және сұйықтық құбырларының екі жағындағы тиек қысымтығындарын толық ашыңыз. Толық ашпай, жұмыс жасау өнімділікті төмендетеді, ол болса, проблемалар тудырады.
- 8) 1-3 қараңыз және қажет болған жағдайда суық агенттің алдын ала берілген мөлшерін құйыңыз. Сұйық суық агентті міндетті түрде баяу құйыңыз. Кері жағдайда жүйедегі суық агенттің құрамы өзгеріп, кондиционердің жұмысына әсерін тигізуі мүмкін.
- 9) Бастапқы күйді алу үшін сервистік порттың қақпағын бұраңыз.
- 10) Саңылаусыздықты тексеріңіз

4-2. СЫНАҚТЫҚ ЖҰМЫС

- 1) Қуат көзі ашасын розеткаға енгізіңіз және/немесе ажыратқышты бұраңыз.
- 2) E.O. SW батырмаларын COOL (Суыту) операциясы үшін бір рет және HEAT (Жылыту) операциясы үшін екі рет басыңыз. Сынақтық жұмыс 30 минут ішінде орындалатын болады. Егер жұмыс индикаторының жоғарғы шамы әрбір 0,5 секунд сайын жыпылықтап тұратын болса, ішкі/сыртқы жабықтың жалғау сымның (A) дұрыс қосылуын тексеріңіз. Сынақтық жұмысты орындаған соң апаттық режим іске қосылады (белгіленген температура 24 °C).
- 3) Жұмысты тоқтату үшін E.O. SW түймесін барлық жарық диод шамдары өшкенше бірнеше рет басыңыз. Толық мәліметтерді пайдалану бойынша нұсқаулықтарынан қараңыз.
- 4) Қашықтан берілетін (инфрақызыл) сигналды қабылдауды тексеру
 - Қашықтан басқару пультіне (3) OFF/ON батырмасын басыңыз және ішкі жабдықтан электрондық дыбыстың шығып тұрғанына көз жеткізіңіз. Кондиционерді сөндіру үшін OFF/ON батырмасын тағы бір басыңыз.
 - Компрессор тоқтаған сәтте-ақ қайта қосудың сақтандырғыш құрылғысы іске қосылады, сондықтан компрессор кондиционерді қорғау үшін 3 минуттай жұмыс істемей тұрады.



Төтенше жағдай қосқышы (E.O. SW)

4-3. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҚАЙТА ҚОСУ ФУНКЦИЯСЫ

Бұл құрылғы автоматты түрде қайта қосу функциясымен жабдықталған. Қуат беру көзі жұмыс кезінде сөніп қалғанда, мысалы, электр энергиясы сөнген кезде, қуат берудің бастау көзі өз жұмысын қалпына келтірген сәтте функция қызмет көрсету бойынша жұмысын автоматты бастайды. (Нақты мәлімет алу үшін пайдалану бойынша нұсқаулықтарға қараңыз.)

Сақ болыңыз:

- Сынақтық жұмыстан кейін немесе қашықтан берілетін сигналды қабылдауды тексерген соң, қуат беруді сөндіру алдында аспапты E.O. SW арқылы немесе қашықтан басқару пультінің көмегімен сөндіріңіз. Егер мұны жасамаса, аспап электр қуатын беруді қалпына келтіру кезінде автоматты түрде жұмыс істей бастайды.

Пайдаланушы үшін

- Қондырғыны орнатқан соң пайдаланушыға автоматты қайта қосу функциясын міндетті түрде түсіндіріңіз.
- Егер автоматты түрде қайта қосу функциясы қажет болмаса, оны сөндіруге болады. Бұл функцияны сөндіру үшін қызмет өкіліне хабарласыңыз. Толық мәліметтерді пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.

4-4. ПАЙДАЛАНУШЫҒА ТҮСІНДІРМЕ


- ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТЫ пайдалана отырып, пайдаланушыға кондиционерді (қашықтан басқару пультіні қалай пайдалану керек, әуе сүзгілерін қалай алау керек, қалай тазарту керек, пайдалану кезіндегі сақтық шаралары және т. б.) қалай пайдалану қажеттігін түсіндіріңіз.
- ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТЫ мұқият оқып шығуға кеңес береміз.

5. ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

5-1. ПАНЕЛЬ ЖИНАҒЫН АЛУ ЖӘНЕ ОРНАТУ


Алу процедурасы

- 1) Панель жиынтығын бекітетін 2 бұранданы шығарыңыз.
- 2) Панель жиынтығын шығарып алыңыз. Алдымен оның төменгі шетін шығарып алу керек.



Орнату процедурасы

- 1) Панель жинағын алу процедурасына кері ретпен орнатыңыз.
- 2) Жинақты құрылғыға толық тіркеу үшін, көрсеткілермен көрсетілген орындардан басыңыз.



5-2. ІШКІ БЛОКТЫ АЛУ

Ішкі блоктың астыңғы жағын орнату плитасынан шығарып алыңыз.

Ішкі блоктың сол және оң жақ астыңғы бөлігін босатып, оң жақтағы суретте көрсетілгендей төмен және алға қарай тартыңыз.



5-3. АЙДАП ШЫҒАРУ

Ауа салқындатқыштың орнын өзгерту немесе утилизациялау кезінде ауаға хладагент тармауы үшін, оны төмендегі процедураға сәйкес айдап шығарыңыз.

- 1) Манометрлік коллектор клапанын сыртқы блоктың газ құбыры жағындағы тоқтату клапанының қызметтік портына жалғаңыз.
- 2) Сыртқы блоктың сұйықтық құбыры жағындағы тоқтату клапанын толық жабыңыз.
- 3) Қысым датчигі 0 МПа [Манометр] (0 кгк/см²) мәнін көрсеткенде оңай толық жабылуы үшін, сыртқы құрылғының газ құбыры жағындағы тоқтату клапанын мүмкіндігінше толық жабыңыз.
- 4) Төтенше COOL (Суыту) операциясын іске қосыңыз. COOL (Суыту) режимінде төтенше операцияны іске қосу үшін, қуат ашасын ажыратыңыз және/немесе ажыратқышты өшіріңіз. 15 секундтан кейін қуат ашасын жалғаңыз және/немесе ажыратқышты іске қосыңыз, содан соң E.O. SW түймесін бір рет басыңыз. (Төтенше COOL (Суыту) операциясы 30 минутқа дейін үздіксіз орындалуы мүмкін.)
- 5) Қысым датчигі 0,05–0 МПа [Манометр] (шамамен 0,5–0 кгк/см²) аралығындағы мәнді көрсеткенде, сыртқы құрылғының газ құбыры жағындағы тоқтату клапанын толық жабыңыз.
- 6) Төтенше COOL (Суыту) операциясын тоқтатыңыз. E.O. SW түймесін барлық жарық диод шамдары өшкенше бірнеше рет басыңыз. Толық мәліметтерді пайдалану бойынша нұсқаулықтарынан қараңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Хладагентті айдап шығару кезінде, хладагент құбырларын ажыратудан бұрын, компрессорды тоқтатыңыз. Компрессор ішіне ауа және т. б. заттар кірсе, жарылуы мүмкін.

6. ИНТЕРФЕЙС/КОННЕКТОР КАБЕЛІН АУА КОНДИЦИОНЕРІНЕ ЖАЛҒАУ

- ИНТЕРФЕЙС / КОННЕКТОР КАБЕЛІН жалғағыш кабельмен кондиционердің ішкі блокты электрондық басқарудың баспа тақтасына жалғаңыз.
 - ИНТЕРФЕЙС / КОННЕКТОР КАБЕЛІНІҢ жалғағыш кабельін кесу немесе ұзарту жалғау кезінде ақауларға алып келеді.
- Жалғағыш кабельді қуат көзі сыммен, ішкі/сыртқы жалғау сыммен және/немесе жерге тұйықтау сыммен бірге жинамаңыз. Жалғағыш кабель мен сол сымдар арасында мүмкіндігінше алыс қашықтықты сақтаңыз.
- Жалғағыш кабельдің жіңішке бөлігі тұтынушылар тиісе алмайтын жерде сақталуы және орналасуы тиіс.

Жалғануда



- ① Панельді және төменгі оң жақ бұрыштағы қорапты шығарып алыңыз.
- ② Ішкі блокты электрондық басқарудың баспа тақтасының қақпақтарын ашыңыз.
- ③ Жалғағыш кабельді ішкі блокты электрондық басқарудың баспа тақтасындағы CN105 және / немесе CN104 қосыңыз.
Жалғағыш кабельдің жіңішке бөлігін суретте көрсетілгендей бағана арқылы өткізіңіз.
- ④ Интерфейспен бірге берілген кабель қысқашын жалғағыш кабельдің қалың бөлігіне суретте көрсетілгендей 4×16 бұрандасымен бекітіңіз.
- ⑤ Жалғағыш кабельді суретте көрсетілгендей бағана арқылы өткізіңіз.
- ⑥ Ішкі блокты электрондық басқарудың баспа тақтасының қақпақтарын жабыңыз. Қақпақтағы жалғағыш кабельдің жіңішке бөлігін ұстап алмаңыз. Панельді және төменгі оң жақ бұрыштағы қорапты қайта орнатыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Жалғағыш кабельді алдын ала тағайындалған күйге мықтап бекітіңіз. Дұрыс емес орнату электр тогының соғуына, өртке және/немесе қате жұмыс жасауына алып келуі мүмкін.

This product is designed and intended for use in the residential, commercial and light-industrial environment.

MITSUBISHI ELECTRIC CORPORATION

HEAD OFFICE: TOKYO BUILDING, 2-7-3, MARUNOUCHI, CHIYODA-KU, TOKYO 100-8310, JAPAN



РОЗДІЛЬНІ КОНДИЦІОНЕРИ
ПОСІБНИК З УСТАНОВЛЕННЯ

REFRIGERANT
R32



Назви моделей зазначені в пункті 1-3.
Якщо у вас пристрій із кількома блоками, для монтажу зовнішнього блока див. посібник з установлення кількох блоків.

JG79J687H03

Необхідні інструменти для монтажу

Викрутка Phillips	Шестигранний гайковий ключ на 4 мм
Рівень	Вальцювальний інструмент для R32, R410A
Рулетка	Манометричний колектор для R32, R410A
Канцелярський ніж або ножиці	Вакуумний насос для R32, R410A
Корончате свердло на 65 мм	Шланг для заправки для R32, R410A
Динамометричний ключ	Труборіз із розширювачем
Гайковий (або розсувний) ключ	

1. ПЕРЕД МОНТАЖЕМ

ЗНАЧЕННЯ СИМВОЛІВ НА ВНУТРІШНЬОМУ ТА ЗОВНІШНЬОМУ БЛОКАХ

	УВАГА! (небезпека займання)	У цьому пристрої використовується займистий холодоагент. У разі витoku холодоагенту та його контакту з вогнем або джерелом тепла утворюється шкідливий газ і виникає небезпека займання.
	Уважно прочитайте ці ІНСТРУКЦІЇ з ЕКСПЛУАТАЦІЇ перед початком використання кондиціонера.	
	Персонал обслуговування зобов'язаний уважно прочитати ІНСТРУКЦІЇ з ЕКСПЛУАТАЦІЇ та ПОСІБНИК З УСТАНОВЛЕННЯ перед початком робіт.	
	Додаткову інформацію можна знайти в ІНСТРУКЦІЯХ з ЕКСПЛУАТАЦІЇ, ПОСІБНИКУ З УСТАНОВЛЕННЯ та подібних документах.	

1-1. ВКАЗІВКИ, ЯКИХ ПОТРІБНО ЗАВЖДИ ДОТРИМУВАТИСЯ ЗАРАДИ БЕЗПЕКИ

- Перед монтажем кондиціонера потрібно прочитати розділ ВКАЗІВКИ, ЯКИХ ПОТРІБНО ЗАВЖДИ ДОТРИМУВАТИСЯ ЗАРАДИ БЕЗПЕКИ.
- Перед початком налаштування інтерфейсу Wi-Fi потрібно прочитати вказівки щодо заходів безпеки в ІНСТРУКЦІЯХ з ЕКСПЛУАТАЦІЇ кімнатного кондиціонера.
- Обов'язково дотримуйтеся застережень і попереджень, оскільки вони містять інформацію, важливу для вашої безпеки.
- Після ознайомлення з цим посібником зберігайте його разом із документом, який містить ІНСТРУКЦІЇ з ЕКСПЛУАТАЦІЇ, для використання в майбутньому.

⚠ УВАГА! (може призвести до смерті, тяжких травм тощо)

- **Не монтуйте блок самостійно (силами користувача).** Неправильний монтаж може призвести до виникнення пожежі, ураження електричним струмом, нанесення травм внаслідок падіння приладу або витоків води. Проконсультуйтеся з дилером, у якого ви придбали прилад, або з кваліфікованим спеціалістом з монтажу.
- **Під час монтажу потрібно чітко дотримуватися вказівок у посібник з установлення.** Неправильний монтаж може призвести до виникнення пожежі, ураження електричним струмом, нанесення травм внаслідок падіння приладу або витоків води.
- **Виконуючи монтаж приладу, заради безпеки користуйтеся належними захисними засобами й інструментами.** Невиконання цих вимог може призвести до нанесення травм.
- **Прилад потрібно надійно встановлювати в місці, яке може витримати його вагу.** Падіння приладу в разі його встановлення в місці, яке не може витримати вагу приладу, може призвести до нанесення травм.
- **Не модифікуйте блок.** Це може призвести до пожежі, ураження електричним струмом, травмування або витоків води.
- **Електромонтажні роботи дозволяється проводити тільки кваліфікованому досвідченому електрику відповідно до посібник з установлення. Потрібно виконувати окремі контури.** До цього контуру не дозволяється під'єднувати інші електричні прилади. Недостатня потужність ланцюга електроживлення або неправильно виконані електромонтажні роботи можуть призвести до пожежі або ураження електричним струмом.
